

«6D060600 – Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мырзахметов Бауыржан Асқарбекұлы «Фотодинамикалық терапияда қолданылатын фотосенсибилизаторлардың физика-химиялық қасиеттері және кванттық-химиялық есептеулері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.</p> <p>6. Өмір және денсаулық туралы ғылым.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі улесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Фотодинамикалық терапия қазіргі кездегі өзекті бағыт болып табылады. Ол медицинада онкологиялық ауруларды емдеу үшін кеңінен қолданылады. Фотодинамикалық терапияда қолданылатын фотосенсибилизаторлардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу үшін эксперименттік және кванттық химия әдістерін есептеу арқылы алынған нәтижелер химия мен медицина саласына ықпал етеді, жұмыстың маңыздылығы әдеби шолуда, сондай-ақ жұмыс нәтижелерін талқылауда жақсы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу дәнгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Автордың диссертацияны өзі орындауы ғылыми басылымдарда бірінші және екінші автор болып тұрғанымен дәлелденеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген;	Фотодинамикалық терапия (ФДТ) – көтерлі немесе ауру тіндерді емдеудің инновациялық әдісі. ФДТ тиімділігі жарық дозиметриясына, оттеғінің қолжетімділігіне және фотосенсибилизатордың (ФС)

		<p>3) негізделмеген.</p>	қасиеттеріне байланысты. Автор әдеби шолуда зерттеулердің өзектілігін толық ашып көрсеткен. Сонымен қатар әдеби шолу маглұматтарын қолдана отырып өте ауқымды мақала басып шығараған.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертацияда фотодинамикалық терапияда қолданылатын фотосенсибилизаторлардың физика-химиялық қасиеттері эксперименттік және кванттық химия әдістерімен қолданыла отырып зерттелген.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның тақырыбына қойылған мақсаттар мен міндеттер толық сәйкес келеді.</p> <p>Койылған міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - фотосенсибилизаторлардың әртүрлі еріткіштерде, әртүрлі тұтқырлықта, концентрацияда, температурада және ортаның pH-ында физика-химиялық қасиеттерін зерттеу; - спектрофотометриялық, хроматографиялық және кванттық химиялық әдістермен белу коэффициентін және белуді анықтаудың тиімді параметрлерін тандау және негіздеу; - фотосенсибилизаторлардың оптикалық және тербеліс спектрлерін алу, электронды ауысулардың қарқындылығы мен энергиясын кванттық химия бойынша есептеу.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	Диссертацияның бөлімдері бір-бірімен толығымен логикалық байланысқан.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	Автор ұсынған тәсілдерін шетелдік ғылыми әдебиеттерде көрсетілген мәліметтермен салыстыра отырып бағалаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады, өйткені фотодинамикалық терапияда қолданылатын перспективті 1-ші және 2-ші буын фотосенсибилизаторларының физика-химиялық қасиеттері алғаш рет спектрофотометрия, хроматография және кванттық химия әдістерімен анықталды.</p>	

		<p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жана</u>;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жана болып табылады, бұл рецензияланған журналдарда жарық көрген ғылыми жарияланымдармен дәлелденеді.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертанду және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Алғынған қосылыстарды сипаттау үшін қазіргі заманғы жоғары дәлдіктері физика-химиялық талдау әдістері колданылды: спектрофотометрия (ультрафиолет спектроскопиясы, ИК спектроскопиясы, флуоресценция, фосфоресценция, флуоресценция), хроматография (жоғары тиімді сұйық хроматография). Алғынған мәліметтердің сенімділігі күмән тудырмайды, өйткені автор зерттеудің барлық кезеңдерін егжей-тегжейлі сипаттады, сонымен қатар пайдаланылған әдістер мен материалдар туралы қажетті акпаратты берді.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p><u>1-қағидат. ПлІХ және ПФа сініру жолақтарында айтарлықтай өзгерістер тіркелді.</u> Осы уақытқы дейін <u>ПлІХ көмегімен жасалатын in vitro</u> немесе <u>in vivo</u> зерттеулерінде қоздыратын толқын үзындығы 630 нм болған болса, физиологиялық ортаға <u>үксас</u> болып табылатын фосфатты буфер ерітіндісі ФБЕ мен өгіздің үрек сарысуында ΘҰС QI жолағы 641 нм толқын үзындығында болады. Сондай-ақ, тутқырлықтың, темпереатураның, және pH-тың әсері ПФа молекулалары үшін айтарлықтай. Аталған фотосенсибилизаторлар үшін сұлы ортада жасыл сенсор көмегімен СОЖС жүзеге асырылып, осы сенсор синглетті оттеге кванттық шығымы мен өмір сүру уақытын әр-</p>	<p><u>1-қағидат.</u></p> <p>Бұл қағида жоғарыда сипатталған талдау әдістерімен толық дәлелденген. Сонымен қатар Pharmaceuticals (Q1) журналында нәтижелерді жариялау арқылы негізделген.</p> <p><i>Ескерту: жоқ</i></p>

турлі еріткіштерде анықтауга мүмкіндік береді.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жана ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жок

2-қағидат. Тарапту коэффициентін анықтаудың бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ТЖСХ әдісі дәлдігі жоғары және әрі орындалу уақыты тез әдіс ретінде ұсынылды. ТФТ әдісімен ПпIX және ПФА молекулалары үшін бөліну коэффициенті алғаш рет тығыздыққа негізделген сольватация модели К-ПУМ және ресми интегралды тендеуге негізделген поляризациялық үздіксіз модель РИТ-ПУМ еріткіш моделдерінде есептеліп, эксперименттік жолмен алынған нәтижелерге жақын мәнді көрсетеді. ТЖСХ нәтижесінде ФФ үш липофильдік мәнге ие баалады және оның екеуі гидрофильді және біреуі гидрофобты, яғни амфи菲尔ді ФС. Срндей-ақ осы параметрді анықтауда алғаш

2-қағидат.

Luminescence (Q2) журналында жарияланған мақала осы қағидаттың дәлелі мен негізділігі болып саналады. Алғаш рет бөлу және таралу коэффициенттері спектрофотометрия, хроматография және кванттық химия арқылы анықталды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бөлу коэффициентін анықтауда арналған ТЭСХ әдісі жоғары дәлдікпен және орындау уақыты жылдам болатыны көрсететті.

Ескерту: 15-кестеде $\log D$ мәндерінің ауытқулары көрсетілген. Алайда көрсетілген ауытқулардың мәні негізгі мәндерінен жоғары болғандықтан ($-0,49 \pm 2,12\%$; $2,73 \pm 2,46\%$; $1,23 \pm 2,25\%$; $0,15 \pm 2,67\%$; $1,29 \pm 2,33\%$), алынған негізгі мән қаншалықты сенімді болып табылады және беріліп отырған қортындыға әсері қандай? Осы кестеде көрсетілген ең соңғы бағанадағы әдебиеттік мән нени көрсетеді?

рет, ПІРХ мен ПФА ушін кванттық химия әдісі ретінде ТФТ колдану басқа әдістерге қарағанда дәлдігі жоғары нәтижелер алуға мүмкіндік береді.

7.1 Қагидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ

7.4 Қолдану дәнгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жоқ

3-қагидат. Кванттық химия әдісімен толуол мен судагы ПУ және ПФА фотосенсибилизаторларының оптикалық және діріл спектрлерін алуға және электронды ауысуладын қарқындылығы мен энергиясын есептеуге болады. Кванттық химия әдісімен ПІРХ және ПФА фотосенсибилизаторларының толуол мен судагы оптикалық және тербелмелі спектрлерлін алып, электорондық ауысуладын қарқындылығы мен энергияларын есептеуге болады. Сондай-ак, ТСМ және К-ПҮМ еріткіш моделдеріне алынған оптикалық және тербелмелі спектрлерді талдау нәтижесінде, К-ПҮМ еріткіш моделі эксперименттік нәтижелерге

3-қагидат. Осы зерттеуде жасалған барлық тұжырымдар дәлелденген және негізделген.

Ескерту: жоқ

		<p><u>жақын нітиже көрсетті.</u></p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жоқ 	<p>Автор жұмыста фотосенсилизаторлардың физика-химиялық қасиеттері мен кванттық-химиялық есептеулерін анықтаудың барлық қолданылған әдістерін, сондай-ақ эксперименттер жүргізу әдістерін тандаудың негізdemесін ежей-тегжейлі келтіреді.</p> <p>Осы жұмыста қолданылған барлық талдау әдістері осындай зерттеу жүргізу үшін жеткілікті деп саналады.</p>
		<p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін</p>	<p>Фотосенсилизаторлардың физика-химиялық қасиеттері мен кванттық-химиялық есептеулерін анықтау үшін оңтайландырудың барлық ұсынылған әдістері эксперимент арқылы тексерілді.</p>

		<p>нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	
		<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Манызды мәлімдемелер заманауи және сенімді ғылыми әдебиеттермен сілтемелермен расталады.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Әдебиеттер тізімінде жуз елуден астам дереккөз бар, бұл әдеби шолу үшін жеткілікті.</p>
9	Практикалық күнділік принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Автор ұсынған фотосенсибилизаторлардың физика-химиялық қасиеттері мен кванттық-химиялық есептеулерін зерттеу жаңа деп санауға болады.</p> <p>Осы диссертацияда ісік ауруларын емдеуде қолданылатын дәрілік заттардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу бойынша алынған нәтижелер болашақта оларды қолданудың жоғары практикалық маңыздылығын көрсетті. Сонымен қатар, лиофильділікті анықтаудың негізгі ұсынылған тиімді параметрлері және кванттық химиялық есептеулер техникасы оларды болашақта фотодинамикалық терапияда қолдану үшін ұлкен мүмкіндіктер ашады.</p> <p>Жұмыстың практикалық нәтижелерінің апробациясы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері келесі ғылыми басылымдарда талқыланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Larue L., Myrzakhmetov B., Ben-Mihoub A., Moussaron A., Thomas N., Arnoux P., Baros F., Vanderesse R., Acherar S., Frochot C. Fighting Hypoxia to Improve PDT. <i>Pharmaceuticals</i> (Q1, IF=5.4) 2019; 12:163 бет; 2. Myrzakhmetov B., Arnoux P., Mordon S., Acherar S., Tsot I., Frochot C. Photophysical Properties of Protoporphyrin IX, Pyropheophorbide-a, and Photofrin® in Different Conditions. <i>Pharmaceuticals</i> (Q1, IF=5.2) 2021; 14:138 бет; 3. Myrzakhmetov, B., Honoriens, J., Arnoux, P., Fournet, R., Tsot, I., Frochot, C., <i>Luminescence</i> (Q2, IF=3.7) 2022, 37, 1597 бет. <p>Сондай-ак, зерттеу нәтижелері Францияның Лилль Университеттік</p>

		ауруханасы, денсаулық және медициналық зерттеулер үлттық институты, ONCOTHAI «Онкологиядағы Лазерлік және Иммунотерапия» зертханасында клиникалық апробациядан өтті.	
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Барлық ұсыныстар жаңа, бұл жарияланған ғылыми мәкалалармен расталады.	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жоғары. Дегенмен, жұмыста орфографиялық және синтаксистік кателер бар, яғни біраз жерде ағылшынша жазбалар аударылмай кетіп қалған, бірақ бұл диссертацияның сапасын төмендетпейді және берілген тұжырымдардың анықтығына әсер етпейді.

"6D060600 – Химия" мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультеті, жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының доценті, химия ғылымдарының кандидаты, PhD

Алимжанова М.Б.



Алимжанова М.Б.

Алимжанова М.Б. рецензентке расбасе жаңа диссертаций ғ. 64. 